

*Әлеуметтік жағдайы төмен
отбасыларға көрсетілетін
әлеуметтік көмек*



**Жұмабай Гүлзира
Қасым Айнұр**

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысы

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы

Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

Алушылар санатының тізбесін, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдерін ЖАО белгілейді және жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен бекітіледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы Үлгілік қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидаларға [2](#), [3-қосымшаларға](#) сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Үлгілік қағидалардың [17](#) және [18-тармақтарында](#) көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 [№ 215](#) қаулысымен.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

1. Жан басына шаққанда орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алу үшін тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға өтінішпен қоса төмендегідей құжаттар өткізеді

- 1.Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
- 2.Отбасы құрамы туралы мәлімет (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі)
- 3.Өтініш берушінің отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер.
- 4.Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәлімет.

Атаулы әлеуметтік көмек отбасының осы көмекті алуға құқығы бар әрбір мүшесіне тағайындалады. Атаулы әлеуметтік көмек ағымдағы тоқсанға тағайындалып ай сайын төленеді.

2. Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымындағы «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңына сәйкес 2006 жылдың 1-қантарынан төленеді.

Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы отбасының орташа табысы жан басына шаққанда белгіленген азық-түлік себетінің құнынан аспаған жағдайда тағайындалып төленеді. Жәрдемақының мөлшері 2082 тенге, яғни 1,5-айлық есептік көрсеткішке тең.

Керекті құжаттар

- 1.Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
- 2.Отбасы құрамы туралы мәлімет (азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі)
- 3.Өтініш берушінің отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер.
- 4.Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәлімет.

3. Тұрғын үйді күтіп ұстаудың нақты төлемі мен тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары мен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері шегіндегі төлемінің шығындары отбасы жиынтық табысының 10 пайыздық үлесінен асып тұрған жағдайда тұрғын үй көмегі беріледі.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін мынадай құжаттар тапсырылады

- 1.Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
- 2.Бөлмелер саны, алатын аумағының өлшемі көрсетілген мәліметтері бар тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың көшірмесі
- 3.Азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі
- 4.Өтініш берушінің кәмелеттік жасқа толған отбасы мүшелерінің табысы туралы анықтама
- 5.Соңғы үш айдың коммуналдық қызметтері үшін төленген түбіртектерінің көшірмесі

Тұрғын үй көмегі құжаттарды тапсырған айдан бастап 1-жыл мерзіміне тағайындалады, кейіннен әр тоқсан сайын табысы туралы анықтама және тұрғын үй коммуналдық қызметтері үшін төленген түбіртек көшірмелерін өткізіп отыру керек.

4. Мүгедек балаларды үйде оқытатын отбасыларына төленетін мемлекеттік жәрдемақы.

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) кемтар балалардың тұрақты тұрғылықты жерінде тіркелуі бойынша өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) алушының жеке басын куәландыратын құжаты;
- 2) баланың туу туралы куәлігі;
- 3) алушы мен баланың тұрақты тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттары;
- 4) Білім басқармасының қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясы беретін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес тұжырымы (бұдан әрі - Тұжырым);
- 5) мүгедектігі туралы анықтама;
- 6) банк шотының болуы туралы құжат.

2. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады.

3. Заңды өкілдер кемтар балаларды асырап алғандығы және қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгендігі жөнінде тиісті органдардың шешімдерінің көшірмелерін ұсынады.

4. Ата-аналардың (заңды өкіл) бірінің жәрдемақы тағайындау туралы өзі өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналар (заңды өкіл) жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жасауға белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде басқа адамдарға уәкілеттік беруге құқылы.

5. Әлеуметтік көмек Тұжырымда көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәттен бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген мерзімге әр тоқсан сайын төленеді.

6. Алғаш тағайындалған жағдайда жәрдемақы өтініш берген күннен бастап төленеді.

Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.



Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
үлгілік қағидаларына
1-қосымша
Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.)

(үйінің мекенжайы, тел.)

Р/с	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____
Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді куәландыруға уәкілетті
органның лауазымды адамының Т.А.Ә.

(ҚОЛЫ)

Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның
(отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТИСІ

20__ ж. «__» _____

_____ (елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған
өмірлік қиын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____
адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә.	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____
жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

_____ казіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі _____

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының [25-1\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарында білім алу кезеңінде азаматтарға әлеуметтік көмек берудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекет білім алу кезеңінде:

- 1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) интернаттық ұйымдарда тәрбиеленуші және (немесе) білім алушы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға, мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға;
- 3) кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларға әлеуметтік көмекке арналған шығыстарды толық қамтамасыз етеді.

3. Толық мемлекеттік қамтамасыз ету білім беру ұйымының интернатында тұратын орын, жұмсақ мүкәммал, жабдықтар мен киім-кешек, тамақ, оқулықтар мен медициналық көмек беруді қамтиды.

4. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға білім алуы кезеңінде медициналық көмек тегін медициналық көмектің [кепілдендірілген көлемі](#) шеңберінде ұсынылады.

5. Мемлекет білім алу кезеңінде:

- 1) көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) [атаулы әлеуметтік көмек](#) алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы [ең төменгі күнкөріс деңгейінен](#) төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балаларға;
- 4) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларға;

5) интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілеріне;

6) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіру емін жасайтын және медициналық оңалту ұйымдарда оқитын балаларға;

7) Қазақстан Республикасының [зандарымен](#) айқындалатын өзге санаттағы азаматтарға шығыстарды ішінара өтейді.

Мемлекет осы Қағидалардағы [5-тармақтың 3\), 4\)](#) және [5\)](#) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтарға тамағы үшін тамақ құнының 80 пайызы мөлшерінде (20 пайызы ата-аналардың төлемі есебінен жабылады) шығыстарды өтейді.

Осы Қағидалардағы 5-тармақтың [1\)](#) және [2\)](#) тармақшаларында көрсетілген және қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғалар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында білім алу кезеңінде күндізгі рацион құнының 40 пайызы есебінен республикалық және жергілікті бюджет есебінен тегін ыстық тамақтану құқына ие.

Тамақтануға кететін шығыстар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толықтай жергілікті бюджеттер есебінен жабылуы мүмкін.

Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар осы қаулымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшеріне, көздеріне және оны беру түрлеріне сәйкес мектепте бір мәрте тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

6. Білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмекті білім беру ұйымдары мынадай растайтын құжаттар ұсынылған кезде жүзеге асырады:

1) ата-анасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың еркін нысандағы жазбаша өтініші;

2) көп балалы отбасылардың балалары үшін туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін қамқорлықты (қорғаншылықты) және патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтаманың көшірмесі;

4) мүгедектер және бала кезінен мүгедектер үшін мүгедектігі туралы анықтама немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның медициналық қорытындысының көшірмесі;

5) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін өтініш берушінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтама;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін алынған табысы туралы анықтама (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін кірісі, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі кірістер).

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасының жан басына шаққандағы табысы жыл басынан бастап әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат тағайындау үшін өтініш білдірген сәтке дейінгі барлық айларға (өтініш берілген айды қоса алғанда) және отбасы мүшелерінің санына бөлу жолымен анықталады.

Жан басына шаққандағы кірісті есептеу кезінде отбасының құрамында ата-аналары (асырап алушылары) және олардың асырауындағы 18 жасқа толмаған балалар ескеріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыдан шыққан балалар үшін білім алу кезеңінде әлеуметтік көмек алу құқығы жыл сайын осы Қағидалардың 6-тармағының 6 және 7) тармақшаларына сәйкес құжаттарды білім беру ұйымына ұсыну арқылы расталуы тиіс.

7. Білім беру ұйымы қажетті құжаттармен қоса өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде оларды қарайды және әлеуметтік көмек ұсыну немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Өтініш берушінің әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға алып келетін жалған мәліметтер ұсынуы және әлеуметтік көмек алуға әсер ететін жағдаяттар туралы уақтылы хабарламауы азаматтарға әлеуметтік көмекті көрсетуден бас тарту болып табылады.

Бас тартылған жағдайда жазбаша түрде әлеуметтік көмек ұсынудан бас тарту себептері туралы дәлелді жауап беріледі.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымның басшысына:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан шыққан білім алушыларға каникул кезеңінде заңнамада белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының қаражаты есебінен олар тәрбиеленген ұйымдарға және отбасыларына жолақысын, тәуліктік шығыстарды қаржыландыру;

2) каникул кезеңінде ұйымдастырылған демалыс орындарына бармайтын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан білім алушыларға тамақтануға арналған тәуліктік норма құнының шегінде қолма-қол ақша бөлу құқығы беріледі.

10. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға білім алу кезеңінде жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру құқығы беріледі.

11. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымының басшысы мүмкіндігіне қарай:

1) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

2) мүгедектерге және бала кезінен мүгедек балаларға еңбек лагерлеріне, пансионаттар мен профилакторийлерге, демалыс үйлеріне, студенттік сауықтыру лагерлеріне, ал медициналық айғақтар болған кезде тиісті бейіндегі шипайжайларға білім беру ұйымының қаражаты есебінен тегін жолдамалар береді.

12. Білім алу кезеңінде мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жол жүруіне байланысты шығыстар оқушының және студенттің жол жүру билеттерінің құны есебімен мемлекеттік білім беру ұйымдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Қосымша білім беру ұйымдарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алуы осы ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтардың шығындарды мемлекеттік білім беру ұйымдарының өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасының [заңнамасында](#) белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде қарайды.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшері, көздері және түрлері

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тәрбиеленетін және оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыру, киім-кешекпен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары білім алу кезеңінде әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне (бұдан әрі – мөлшерге, көздерге және түрлерге) [1](#), [2](#), [3](#), [4](#), [5-қосымшаларға](#) сәйкес белгіленеді.

Шаруашылық мүкәммал, жеке гигиеналық заттар, ойыншықтар, көркем әдебиет сатып алуға, мәдени-бұқаралық іс-шараларға жұмсалатын шығыстар сомасы жабдықтар, мүкәммал сатып алуға және ғимараттар мен құрылысқа күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстарды есепке алмағанда барлық тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау құнының кемінде үш пайызы мөлшерінде болады.

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен білім алушыларға негізгі орта, жалпы орта, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарына (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) түсу кезінде берілетін киім-кешек, аяқ киім нормасы мөлшерге, көздерге және түрлерге [6-қосымшаға](#) сәйкес белгіленеді.

Бұдан басқа, осы санаттағы білім алушылар үшін екі [айлық есептік көрсеткіш](#) сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы көзделген.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен білім алушыларға негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтағаннан кейін (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) берілетін киім-кешек, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал, жабдықтар нормасы мөлшерге, көздерге және түрлерге [7-қосымшаға](#) сәйкес белгіленеді.

Бұдан басқа, осы санаттағы білім алушылар үшін төрт [айлық есептік көрсеткіш](#) сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы көзделген.

4. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедектерді және бала кезінен мүгедектерді, мүгедек балаларды, көп балалы отбасылардан шыққан балаларды, интернаттық ұйымдарда тәрбиеленетін, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларды, кәмелеттік жасқа толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге [4](#) және [8-қосымшаларға](#) сәйкес белгіленеді.

5. Мемлекеттің толықтай және ішінара қамтамасыз етуіндегі жалпы және шипажайлық үлгідегі мектеп-интернаттарда тұратын балалар мен білім алушыларды тамақтандыру, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге [4](#) және [9-қосымшаларға](#) сәйкес белгіленеді.

6. Мемлекеттің толықтай және ішінара қамтамасыз етуіндегі дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге [9](#) және [10-қосымшаларға](#), ал республикалық әскери мектеп-интернаттары үшін - [9](#), [13](#) және [14-қосымшаларға](#) сәйкес белгіленеді.

7. Сәбилер үйіндегі балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге [11](#) және [12-қосымшаларға](#) сәйкес белгіленеді.

7-1. Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларын және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепте тамақтандыру нормалары әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне, түрлеріне [15-қосымшаға](#) сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 [№ 326](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты мемлекеттік білім беру ұйымдары демеушілік және қайырымдылық көмектер алатын және қолданыстағы [заннамаға](#) сәйкес ақылы түрде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) ұсынудан түсетін қаражат әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде әлеуметтік көмек ұсыну көзі болып табылады.

Акция түрлері

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия «**25 игі іс**» атты акцияның басталғанын мәлімдеді.

Республикалық деңгейде өтетін акцияның бірі аз қамтылған отбасылардағы классикалық ота жасауды қажет ететін балаларға көмектесу. «Екіншіден, біз әке институтын көтеруге назар аударамыз. Бұл да ұлттық комиссияның отбасы-демографиялық саясатының бір бағыты болып табылады.

Халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған санаттарына аса көңіл бөліп, мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, қайырымдылық білдіруге жаны құштар жандар аз емес арамызда. Оның ішінде билік орындары тарапынан да көрсетіліп жатқан көмектер бар. Соның ішінде елордада 2015 жылдың қорытындысы бойынша 100 000 астам адам әлеуметтік қолдаумен қамтылды, атап айтқанда, көп балалы отбасылар - 6969, көп балалы аналар - 4008, тұрмысы төмен азаматтар (3 мыңнан астам) және т.б. Сондай-ақ тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетілді: 239 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек ұсынылды; 1200 астам отбасыға 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы төленді; 1662 отбасыға тұрғын үй көмегі көрсетілді. «Өрлеу» ілкі жобасы аясында шартты ақшалай көмек ұсыну бойынша жұмыстар жалғасуда. «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек» бағдарламасы бойынша тегін қызметтер ұсыну және ақшалай төлемдер түрінде 2 536 500 теңге көлемінде әлеуметтік көмек көрсетілді, оның ішінде 1 235 700 теңге қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жол жүруге бөлінді.

Ал Алматыда бастау алған **«1000 игілікті іс»** акциясы аясында 100 отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді. Көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пакеттері табыс етілді. Онда күріш, кеспе, шұжық, консервіленген ет, өсімдік майы, халуа, қарақұмық, зефир секілді қажетті азық-түліктер бар. Бұл акцияны G38 жастар ұйымы бизнес-қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырып жатыр.

Әлеуметтік аз қамтылған топқа жататын балалардың мұң-мұқтажын ескеріп, оларға жәрдемдесіп отыруды, олардың әл-ауқатын жақсартуды бүгінгі қоғам өз алдына міндет етіп қойып отыр. Осыған орай, Павлодар облысында 10237 оқушыға 32684,8 мың теңгеге материалдық көмек көрсетілді. Нақты айтқанда, Павлодар облысында республикалық **«Қамқорлық»** акциясы аясында 10237 оқушыға жалпы сомасы 32684,8 мың теңгеге материалдық көмек көрсетілді. Оның ішінде 4635 оқушыға демеушілер 13717,3 мың теңге бөлген. Облыстық білім беру басқармасы ұсынған ақпаратқа сүйенсек, шараға өңірдегі ірі кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары, білім беру орындары және басқа да мекеме-ұйымдар белсенді атсалысқан.

Оңтүстік Қазақстанда ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған **«25 пайдалы іс»** республикалық акциясы өтті. ОҚО әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері облыстық психоневрологиялық интернатына барып, балаларға арналған демалыс бөлмелерін жабдықтауға атсалысып, балаларға базарлық жасады. Атап айтқанда, акцияға қатысушылар ондағы екі демалыс бөлмесіне жиһаз жасатып, толықтай жабдықтауға 450 мың теңгенің сертификатын табыстаса, балаларға ойыншықтар мен киімдер, кілем, жөргек заттары мен кітаптар таратып, барлығы 1 млн-ға жуық теңгенің көмегі көрсетілді.



«Мектепке жол»

акциясы өткізілді. Бұл акция аз қамтылған, көпбалалы отбасылардағы балалар мен жетім балаларды жаңа оқу жылы қарсаңында мектепке даярлау және балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектептен тыс қалуының алдын алуға бағытталған. Көмектің кез келген көмек түрі, оқу құралдары, ұйымдастыру техникасы және оқыту құралдары, жиһаз бен спорт мүліктері, тұрмыстық техника, азық-түлік тағамдары мен кітаптар балалардың жаңа оқу жылына дайындалуына ықпал етіп, оларды оқыту мен тәрбиелеу, бос уақыттарын жағдайын жақсартуға көмектеседі.



*Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға
әлеуметтік қызметкердің көмек көрсетуі*



Қорытынды

Қым-қуыт тіршілікте қиналған сәтте адамдардың бір біріне демеу болып, мейірім шуағын шашып, көмек қолын созуы мына жарық дүниені нұрға бөлейді. Сондықтан да болар, қазір мемлекет тарапынан да, түрлі ұйымдар, кәсіпкерлер мен жекелеген адамдар тарапынан да қайырымдылық жасау тұрақты ұйымдастырылатын игі шаралар легіне айналды.

